

«Бекітім»

Мектеп директоры: Н.Н.Касымбекова



«№3 Э.Молматурова атындағы жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық

мемлекеттік мекемесінің

2023-2024 оку жылына арналған ата-аналар комитетімен жүргізілетін

жұмыс жоспары

№	Жұмыс мазмұны	Мерзімі	Жаупаты
1	1. Откен оку жылының қорытындысы, жаңа 2023 – 2024 оку жылының міндеттері. 2. Ата- аналар комитетінің жаңа құрамын сайлау, қыркүйек жұмыс жоспарын бекіту. 3. «Тәрбие отбасынан басталады» баяндама	қыркүйек	ДТДЖО: Б.Турлыбек мектеп әкімшілігі
2	1. Оқушыларды мектепке қабылдау, оқыту және шығару тәртіптері. Мектеп ережелерімен таныстыру.	қыркүйек қазан	мектеп әкімшілігі сынып жетекшілері ата-аналар комитеті Б.Тулбасиев
3	1. Мектептегі аз қамтамасыз етілген , тұрмысы төмен отбасы балаларын анықтау, жұмыстар жүргізу .	жыл бойы	ДТДЖО: Турлыбеков Б Психолог: Еспулганова Ф ата-аналар комитеті: Б.Тулбасиев
4	1. Мектепте жүргізілген тәрбиелік шаралардың оқушылар тәрбиесіне тигізер ықпалы.	жыл бойы	мектеп әкімшілігі, құқық пәнінің мұғалімі Төлегенов Е, ата-аналар
5	1. Ата-аналар комитетінің отырысы	қараша	мектеп әкімшілігі ата-аналар комитеті Б.Тулбасиев
6	Ата-аналар жиналышы: 1. I жарты жылдық қорытындысы 2. «Балаларға тәрбие мен білім беруде ата-аналардың құқықтары ме міндеттері ме?»	желтоқсан	мектеп әкімшілігі ДТДЖО: Турлыбеков Б құқық пәнінің мұғалімі Төлегенов Е

7	1. Жаңа жыл мерекесін ұйымдастыру, бірлескен жұмыстар	желтоқсан	ДТІЖО: Турлыбеков Б, сынып жетекшілері ата-аналар комитеті Б. Тулбасиев
8	1. Ата-аналар комитетінің отырысы 2. Наурыз мерекесін ұйымдастыру бірлескен жұмыстар 3. «Мектеп- оқушы, ата-аналар» бірлігінде атқарылатын жұмыстар	наурыз жыл бой	сынып жетекшілері ата-аналар комитеті Б. Тулбасиев
9	«Біз баламызды білеміз бе?» Сауданама	сәуір	мектеп психология Ф. Еспулганова
10	1. Ата-аналар комитетінің отырысы. 2. Мектептегі тәрбиеге қыындық көлтіретін оқушылармен атқарылатын жұмыстар.	сәуір жыл бойы	мектеп әкімшілігі ата-аналар комитеті Б. Тулбасиев
11	Оқушылардың себепсіз сабактан қалмауын қадағалау	үнемі	мектеп әкімшілігі
12	Мектеп бойынша тәрбиеге қыындық көлтіретін балаларды анықтау , ата – аналармен байланыс жасау .	жыл бойы	ДТІЖО: Турлыбеков Б, әлеуметтік педагог Салимбаев С
13	Ата-аналардың мектептік іс-шараларға демеушілік көмегі	жыл бойы	сынып жетекшілері
14	11 сынып оқушыларын ҰБТ –ға дайындық жұмыстарына ата - аналардың жауапкершілігін арттыру	жыл бойы	мектеп әкімшілігі, сынып жетекшілері
15	1. Жалпы ата-аналар жиналышы 2. «Ата- аналар университеті» ата- аналарға педагогикалық және психологиялық консультацияны ұйымдастыру. 3. Жазғы демалыс	мамыр жыл бойы	мектеп әкімшілігі Психолог: Еспулганова Ф Ата-ана комитеті Б. Тулбасиев

ДТІЖО:  Б. Турлыбеков

Ата-ана комитеті:  Б. Тулбасиев

«№3 Ә.Молдағұлова атындағы жалпы орта білім беретін мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
2023-2024 оқу жылындағы жалпы ата-аналар жүргізілген жұмысы
туралы есебі

2023-2024 оқу жылындағы жалпы ата-аналар жиналысы қыркүйек айында өтілді. 1-11 сынып оқушыларының ата-аналар, қамқоршылық кеңестің мүшесі, әр сыныптың ата-аналар комитетінің төрайымдары, мектептің ата-ана комитетінің төрайымы, мектеп директоры, мектеп психологи, әлеуметтік педагог, ішкі істер бөлімінің полиция инспекторы, тәрбие ісінің орынбасары қатысты.

Жалпы биылғы жылы «Тәрбие тал- бесіктен» атты ата-аналар жиналысы мына тәмендегі күн тәртібінде жүргізді.

1. 2023-2024 жаңа оқу жылының басталуы жөнінде. Мектеп директоры

2. Жоспар бойынша жалпы ата-аналар жиналысында 2022-2023 оқу жылындаға атқарылған жұмыстарға қорытынды есебі, 2023-2024 оқу жылындаға ата-ана комитетінің жоспарларымен танысу. Ережелермен таныстыру;

3. «Тәрбие -отбасынан басталады» атты баяндама.

4. Оқушылардың құқықбұзушылықтарын алдын алу жолдары «Заңды білу заман талабы» атты кездесу мектеп инспекторы

5. Оқушылардың әлеуметтік жағдайына байланысты тегін ыстық тамақпен қамтылуы туралы әлеуметтік педагог

4. «**Әр адам өмір сүруге лайықты**» атты психологиялық кеңес беру мектеп психологы

Жиналыс барысында алғашқы сөз кезегі мектеп директорына берілді. 2022-2023 оқу жылының қорытындысы бойынша 11 сыныпты бітірген оқушылардың мемлекеттік гран иегері атанғанын мақтанышпен жеткізді. Қалған оқушы өздерінің қалауымен жоғарғы оқу орнына түсті. Жылдық жоспар бойынша жоспарланған іс-шаралардың бәрі өз деңгейінде өтіліп нәтижесін берді. Аудандық, облыс көлемінде оқушыларымыз жүлделі орындар иеленіп мектебіміздің мәртебесін биіктете түсті. Осы жұмыстардың нәтижесінде аудандық конференция сонында мектебіміз жүлделі орындарды иеленді. 2023-2024 оқу жылын бастадық. Жылдық оқу-тәрбие жоспары бекітілініп, жұмыс жасалынып жатыр деп өз сөзін аяқтады.

Келесі сөз кезегі ата-аналар комитетінің төрайымна берілді.

2022-2023 оқу жылында ата-аналар комитетінің жылдық жоспары бойынша жұмыс жүргізіліп, қорытындысы шығарылды. 2023-2024 оқу жылында оқушылардың тамақтану кезінде тамақтың сапасын тексеру, сабак кестесінің дұрыс қойылуы, мектеп бойынша қоғамдық жұмыстарға өзім үнемі ат салысып отырамын. Әсіресе биылғы жылы жалпыға міндетті білім беру қорынан бөлінген қаражатқа байланысты онлайн жиналыстарға қатысып, ата-аналардың мұн-мұқтаждарын жеткізуге тырысамын. Ата-аналар комитетінің төрайымы болуыма орай осы жұмысты ата-аналармен ақылдасып шешуге жұмыс жасап отырмын. Жалпы ата-аналар мені сайлағандықтан үнемі ата-

аналармен және ұстаздармен жұмыс жасайтынын айтып **АТА-АНАЛАР
КОМИТЕТІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕМЕН ТАНЫСТАРЫП ӘТТІ.**

1. Жалпы ереже

Ата-аналар комитеті балаларға жалпы орта білім беру үйымдарында мектепке және отбасыға көмек көрсету мақсаттарында құрылады. Олар оқушылардағы ғылым негіздері туралы терең және берік білімді қамтамасыз етуде, оқушыларда жоғары адамгершілік қасиеттерін, еңбекке зерделі көзқарасты, жауапкершілікті және тәртіпті, өзін ұстау мәдениетін тәрбиелеуде, оқушылардың құқықтық, эстетикалық, физикалық тәрбиесінде, олардың денсаулығын сақтауда педагогикалық ұжымға көмек көрсетеді.

Сыныптың ата-аналар комитеті өз жұмысында Ата-аналар комитеті туралы ережені, жұмыс жоспарын, ата-аналар жиналыстарының шешімдерін, педагогикалық кеңестің, мектеп директорының және сынып жетекшілерінің ұсынымдарын басшылыққа алады.

2. Ата-аналар комитетінің міндеттері мыналар болып табылады:

- мектептің педагогикалық ұжымы мен отбасының балаларға бірлесіп тәрбиелік әсерді белгілеу мақсаттарында отбасы мен мектеп арасында байланыстарды жан-жақты нығайту;
- ата-аналар жүргіштіліктерін мектептің өміріне белсенді қатысуға, ата-аналар мен халық арасында педагогикалық насиҳаттауды үйымдастыруға тарту;
- мектептің шаруашылық және оқу-материалдың базасын нығайтуда көмек көрсету;
- әлеуметтік қорғалмаған оқушыларды анықтауда және қорғауда көмек көрсету.

3. Ата-аналар комитеттерінің жұмысын үйымдастыру және оның мазмұны

3.1. Сыныптың ата-аналар комитеті сыныптың ата-аналарының жалпы жиналысында төраға және 2 мүшесі құрамында сайланады.

3.2. Жалпы мектеп ата-аналар комитетінің басшылығымен мектепте жұмыстың бөлек тараулары (педагогикалық насиҳаттауды өткізу, еңбек тәрбиесі және қоғамға пайдалы еңбекті үйымдастыру, мәдени-көпшілік жұмыс, шаруашылық, спорттық-сауықтыру және т.б. жұмыстар) бойынша тұрақты немесе уақытша комиссиялары құрылуы мүмкін. Комиссиялардың құрамы және олардың жұмысының мазмұны ата-аналар комитетімен анықталады.

3.3. Ата-аналар комитеті келесідей көмек көрсетеді:

- педагогикалық ұжымның оқушылардың ата-аналарымен және жүргіштілікпен байланыстарын нығайту;
- тамактануды үйымдастыру;

- сабақтан тыс уақытта оқушылармен тәрбие жұмысында ата-аналарды тікелей қатысуға тарту;
- оқушылардың кәсіптік бағдары бойынша жұмыс;
- мектеп Жарғысын орындау бойынша, оқушылардың жеке пәндерді терендей зерттеуі бойынша бақылауды жүзеге асыру;
- жиналыстарды, ата-аналарға арналған баяндамаларды, дәрістерді оқуды, отбасылық тәрбие тәжірибесімен алмасу жөніндегі сұхбаттарды үйимдастыру және өткізу,
- мектептің шаруашылық және оқу-материалдық базасын нығайту, көріктендіру және онда қалыпты санитарлық-гигиеналық жағдайларды жасау бойынша іс-шараларды жүзеге асыру;
- демалыс кезеңінде оқушылармен сауықтыру және мәдени-көпшілік іс-шараларын өткізу.

3.4 Ата-аналар комитеті жарты жылдық және жылдық жұмыс жоспарын құрастырады. Оның нақты мазмұны сыныптың ішкі жағдайлары мен міндеттерін ескере отырып анықталады.

3.5 Сыныптың ата-аналар комитеті отырыста оның кемінде 2-3 мүшесі болған кезде өз шешімдерін қабылдауға құқылы.

3.6 Сыныптың ата-аналар комитеті сыныптың ата-аналар жиналысы алдында өз жұмысы туралы есеп береді.

Келесі сөз кезегі директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б.Турлыбековке берілді. Сөз басында өзінің «Тәрбие- отбасынан басталады » атты баяндамасымен бастады. Тәрбие тал бесіктен басталады. Эке мейірімінен құрышын қандырып, ана сүтінен нәр алып, «Эке ұлағаты» мен «Ана тағылымын» көріп өскен үрпақ елін, жерін, халқын сүйетін, елінің болашагын, халқының қамын ойлайтын, жоғын жоқтайтын, парасатты, ой—өрісі кең, дүниетанымы жоғары, жан—жақты, білімді де білікті, ұлтжанды тұлға болып қалыптасатыны бәрімізге мәлім. Сондықтан әр ата—ана баланың отбасылық құндылықтарды толық меңгеруіне мүмкіндік жасағаны абзал. Отбасындағы құндылықтарды бағалай алмаса, адам ұлттық құндылықтарды да құрметтемей өтуі мүмкін. «Ел боламын десен, бесігінді түзе» деген қанатты сөз де осы ойдың дұрыстығын меңзейді.

«№3 Ә.Молдағұлова атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі негізгі З бағытпен тәрбие жұмысы жүріп жатыр. Әр сынып жетекшілері жылдық тәрбие жұмысы бойынша тәрбие сағатын өткізеді. Жылдық тәрбие жоспары бойынша айлық, апталық өткізіп отырамыз. Өскелен үрпақтың болашағы жарқын болу тәрбие жұмыстары өз деңгейінде жүргізілуі қажет. Тәрбие жұмысы үнемі өз деңгейінде жүріп жатқанын айта өтті.

Мектебіміздің полиция инспекторы өзінің ата-аналармен кездесу барысында құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында ата - аналарға арналған жаднама таратты.


111 - бап. Ата - аналардың немесе басқа да занды өкілдерінің балаларды тәрбиелеу жөніндегі міндеттерді орындауы 1. Ата - аналардың немесе басқа да занды өкілдерінің кәмелетке толмаған балаларды тәрбиелеу және оқыту жөніндегі міндеттерді дәлелді себептерсіз орындауы, айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады. 2. Осы баптың бірінші бөлігінде аталған, кәмелетке толмағандардың алкогольдік ішімдіктерді, есірткі құралдарын және психотроптық заттарды ұдайы қолдануына не қаңғыбастықпен немесе қайыршылықпен айналысуына әкеп соққан іс-әрекеттер, сол сияқты олардың қылмыс немесе қасақана әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар әрекеттер жасауы, - ата - аналарға немесе басқа да занды өкілдеріне жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады. қалдықтарды шығару және қоғамдық тәртіпті және жеке тұлғалардың тыныштығын бұзатын, төнірегіндегілерді сыйламаушылықты білдіретін басқа да осындай іс - әрекеттер, - айлық есептік көрсеткіштің үштен онға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не он тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамауға алуға әкеп соғады. 331 - бап. Кәмелетке толмағандар жасаған бұзақылық Он төртжастан он алты жасқа дейінгі кәмелетке толмағандар жасаған Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 257 - бабының бірінші бөлігінде көз делген ұсақ бұзақылық немесе бұзақылық, ата - аналарға немесе оларды алмастыратын адамдарға айлық есептік көрсеткіштің екіден беске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады деп сөзін аяқтады.

Әлеуметтік педагог 2023-2024 жылы мектептің әлеуметтік паспорты жасалды.

көп балалы: аз қамтылған: жартылай жетім: жалғыз басты ана: көп балалы: аз қамтылған: жартылай жетім: жалғыз басты ана, әке: қорғаншылық: Мектеп бойынша АСП алатын оқушылар санын айтып өтті. Әлеуметтік педагогтың жылдық жоспары бекітілінді. Жоспар бойынша жұмыс тар істелініп жатқанын айта кетті.

Жиналыс соында ата-аналарға психологиялық көңіл-күй сыйлау мақсатында «Өмір керемет» тақырыбында тренинг өтті. Тренингтің мақсатында көрсетілгендей ең бірінші ата-аналарға өмір туралы керемет ақпарат беріп, ата-аналармен ойын-жаттығу өткізілді. Өмірдің тәтті сәттерін ата-аналарға сезіндіру үшін әр түрлі көмпитеттерге бала тәрбиесіне байланысты өте қызықты ситуациялық сұрақтар жасырылды. Ата- аналар ұнатқан тәттілерін таңдал сұрақтарға жауап берді. Тренинг соында мектеп психологы «Өмір керемет» атты өлең шумақтарымен тренингті қорытындылады.

ДТІЖО:  Б. Турлыбеков

Ата-аналар комитеті:  Б. Тулбасиев